

**ҚҰРАНШЫЛАР  
ДЕГЕН  
КІМДЕР?**

## *Алғы сөз*

Бүгінде елімізде Исламның қарқынды дамып келе жатқаны баршаға аян. Дін тек қана молда немесе діни басқарма қызметкерлерінің шаруасы ғана емес, жай қарапайым халықтың да жеке өмірінде өзіндік орны бар дүниеге айналды. Бұл Аллаһтың да, Аллаһ елшісінің де (с.ғ.с.) қалауы болатын.

Діни кітаптар, баспалар, газет-журналдардың жарық көруі, сол баспаларда діни мақалалардың жариялануы құптарлық. Жер-жерлерде мешіттер бой түзеп, өскелен ұрпақтарымыздың рухани сусындауы да көңіл қуантарлық. Еліміздің діни басқармасы (ҚМДБ) құрылып осы айтылғандардың ұйытқысына айналуын жетістіктеріміздің жемісі деп білу керек.

Әрине, ауыз толтырып айтар шаруа жеткілікті. Десе де, осы салада жетістіктерімізге қоса көлеңкелі жақтарымыз да жоқ емес. Оған себеп еліміздің төрінен орын алған түрлі ағымдардың бой көрсете бастауы. Олардың кейбірі сан ғасырлар бойы санамызға сіңген дәстүрлі дінімізден азғырып, даурығып, құлағымыз бен ділімізге жат пікірлерді тықпалап адастыруда. Оны әдетке де айналдырған сынайлы. Ал шындап келгенде, мұның барлығы ел ынтымағына, береке-бірлігімізге зиян.

Халқымыздың дәстүрлі мәдениеті сан ғасырлар бойы ислам дінімен біте қайнасып келгенін негіз етсек, сол түрлі топтағы ағымдардың кеше ғана еліміздің төрінен орын алып, «асын ішіп, киізін ілудің» кебін келтіріп, жатқан жалпақ елдің берекесін қашыруды көздейтіні айтпаса да түсінікті. Алайда, біздің арамыздан да осындайларды қолдайтындардың табылуы қатты қынжылтады.

Ислам дінінің төрт мәзһабы да әр елдің, әр ұлттың шарифатқа қайшы келмейтін салт-дәстүрін қолдайды, құрмет тұтады. Өйткені, ислам дінін ұстанатын ұлттар мен ұлыстар аз емес. Құран аяттары мен Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) хадистері діннің қағидаттары аясында жан-жақты әрі нақты жауаптарды қамтиды.

Осы мәселелер негізінде жинақталған бұл еңбектің оқырман қауымға берері мол. Оның басты ұстанымы бүгінде елімізде бой көрсетіп жүрген «құраншылар» тобы жайлы мағлұматтарды кеңірек қарастырады.

Жинақта құраншылардың таралуы, серкелері жайлы, олардың ұстанған ұстанымдарының дініміз Исламға қайшы тұстары нақты деректерге сүйеніп берілген. Оған қоса аталған «құраншылар»

тобының қазақ жеріндегі іс-әрекеттері жайлы толығымен мәліметтер де келтірілген. Мұндай мәліметтердің бүгінгі алаңдаушылық танытып отырған мұсылман бауырларға берері мол.

Ұсынылған жинақ бүгінгі қоғамның сұранысы мен талабына лайықты туындаған. Елдің бірлігі мен ынтымағын сақтап қалуда мұндай еңбектердің маңызы зор. Оған қоса, білгенімізден білмегеніміздің көптігін негіз етіп, осындай еңбектердің нәтижесінде әлі де білмей, ұғына алмай жүрген маңызды жәйттерімізге бұл еңбектің қосар үлесі шексіз.

## **ҚҰРАНШЫЛАРДЫҢ ТАРАЛУЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ СЕРКЕЛЕРІ**

Құраншылар атауы жайында әркім әртүрлі пікірлер білдіреді. Кейбір ғалымдар оларды «құраншылар» деп атауға болмайды, себебі бұлай атау Құран кәрімнің үкімдері мен ережелерін толығымен орындайтын топ деген мағынаны береді деп топшылайды. Бұларды «сүннетті мойындамайтындар» немесе «сүннетті теріске шығарушылар» деп атау керек дейді.

Әрине, біз бұл атаумен аталуына қарсымыз, келіспейміз. Бірақ, мәселе атаулар мен терминдерде емес, олардың беретін мағынасында. Егер қылмыскердің аты жақсы есім болса, біз оны жаман есіммен атай алмаймыз ғой. Құраншылар өздерін осылай атап, танылды. Сондықтан оларды осы атаумен зерттеуге тура келеді. Бұл топ ислам тарихының алғашқы кезінде осы атаумен танылмады. Бірақ сүннетті мойындамау оқиғалары әртүрлі үлгіде болып жатты. Бұл жайында Мұхаммед (с.ғ.с.) хадисінде: «Маған Құран және тағы да сондайы (сүннет) берілді. Жақында қарны тоқ, күрсісіне жантайған біреу: «Сендерге Құран жеткілікті. Оның ішінде не халал болса, соны халал деп біліңдер. Ал не харам болса, оны да солай қабылдаңдар», – дейді. Сосын Пайғамбар (с.ғ.с.) былай деп сөзін жалғастырды: «Алла Елшісінің харам еткені де Аллаһ тағаланың харам еткеніндей екенін ұмытпаңдар», – дейді [1,4 т.]. Демек, Аллаһ Елшісі (с.ғ.с.) сүннетке қарсы шығып, тек Құранды ғана ұстанамыз дейтін қауымның пайда болатындығы жайында анық хабар береді.

Имам әл-Бұхари жеткізген хадисте сахаба Зубайр ибн әл-Ауам (р.а.) басқа сахаба Хатиб ибн Балтамен дауласып қалады да,

екеуі Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) төрелікке жүгінеді. Аллаһ Елшісі (с.ғ.с.): «Бірінші Зубайр ибн әл-Ауам егінін суарып, содан кейін суды бауырына жіберсін», – деп үкім шығарады. Бұл үкімге разы болмаған Хатиб ашуланып: «Ей, Аллаһтың елшісі, ол әпкеніңдің баласы болғаны үшін бе?» – дейді. Яғни, айтпақшы болғаны, әпкенің ұлы болғандықтан, сен оның пайдасына үкім шығардың ба дегені еді. Осы кезде Аллаһ елшісінің (с.ғ.с.) ашуланғаннан түрі өзгеріп кетеді. Артынша, Аллаһ тағала «Ниса» сүресіндегі: **«Жоқ, Раббыңның атымен серт, олар өзара таласқан мәселеде саған төрелікке жүгініп, сенің шығарған үкіміне наразылық білдірмей және толығымен бойсұнғанша иман келтірген болып есептелмейді»**, – деген аятты түсірді [2, 17/120,4585].

Сахабалардан кейін олардың шәкірттері табиғиндердің дәуірі келді. Сол табиғиндердің заманында хадиске қарсы шығып: «Тек Құранды ғана ұстанамыз», – деушілер болды. Оның айғағы ретінде мына бір оқиғаны келтірелік.

Муттариф бин Абдуллаға бір кісі: «Бізге хадисті айта бермендер, тек қана Құранда бар нәрселерінді айтыңдар», – деді. Муттариф оған: «Аллаһқа ант етейін, біз хадистерді Құранның орнына айтып жүрген жоқпыз. Хадистерді айтудағы мақсатымыз – Құранды бізден де жақсы түсінген Аллаһ Елшісінің (с.ғ.с.) сөзін баяндау», – деп жауап береді [3]. Сол секілді, имам Ағзам әбу Ханифаның хадис оқыма деп тыйым салып жатқан адамға: «Егер сүннет болмағанда, ешқайсымыз да Құранды дұрыс түсінбейтін едік», – дегені де табиғиндердің дәуірінде хадиске қарсы шығу үрдісі бар екенін білдіреді.

Имам әс-Суюти хадиске қарсы шығып, сүннетті жоққа шығару, шарифаттың дереккөзі деп танымау құбылысы жүйелі түрде қалыптасып, кең түрде белең ала бастауы имам аш-Шафиғидің заманында болған деп келтіреді. Сондай-ақ, шииттердің шектен шыққан кейбір топтарының пікірлерінен бастау алады. Имам оларға қарсы күресіп, пікірлерін жоққа шығарған. «Имам Аш-Шафиғи бір күні бір хадисті риуаят етіп, оны сенімді хадис деп айтады. Мұны естіп тұрған бір кісі: «Ей, Абдулла, сен осы хадисті ұстанасың ба?» – деп сұрады. Имам ашуланып: «Сен сонда мені христиан деп ойлайсың ба? Менің шіркеуден шыққанымды көрдің бе? Әлде, беліме зуннар (христиан адамның белдігі) тағып алғанымды көрдің бе? Сонда қалай, Аллаһ Елшісі (с.ғ.с.) хадисін риуаят етемін де, оны өзім ұстанбаймын ба?», – дейді. Содан кейін бірнеше ғасыр бұл топтың аты шықпай қалады. Бірақ, имам әс-

Суютидің заманында бұл жамағат қайта бас көтеріп, олардың қате пікірлері мен теріс ақидасына қарсы тұру, мұсылмандарды сақтандыру шараларымен әс-Суюти де айналысады. Бұл тұрғыда әс-Суюти: «Аллаһ рақым етсін сендерді, негіздерге сәйкес, шарттар бойынша риуаят етілген Пайғамбар (с.ғ.с.) хадисін сөзі болсын, ісі болсын дәлел бола алмайды деп жоққа шығаратын топ пайда болды. Олар көпір болып, исламның шеңберінен шықты. Олар ертеңгі күні яһуди, христиандармен немесе көпір топтардан қалағанымен бірге тіріледі», – дейді [4].

Ибн Халликан өзінің еңбегінде бұлар туралы: «Бидғатшы топтардың бірі сүннеттен нәпсілеріне жақпаған нәрсені жоққа шығарды. Олар бұл мәселе ақылға қонбайды, дәлелге сәйкес емес, қабылдамау керек деп түрлі пікірлерді алға тартты. Біреулері қабір азабын жоққа шығарды, енді бірі сиратты, қиямет күні Аллаһты көруді жоққа шығарды. Керек болса, олардың кейбірі: «Көру», – мәселесіне сенген адам көпір бола ма?» – деген сұраққа: «Жоқ, көпір болмайды, себебі, ол ақылға қонатын нәрсе айтқан жоқ, ал ақылға қонбайтын нәрсені айтқан адам көпір болмайды», – деп жауап берді. Сондай-ақ, Амр ибн Ғубайд (Мұғтазила шейхы, т.ж. 80-144 h.) секілділер шектен шыққаны соншалық, сенімді риуаятшылардан жеткен, мағынасын ақылмен өлшеп болмайтын кейбір хадистерді Аллаһ Елшісі (с.ғ.с.) айтпаған деп ант ішетін болған» [5,3/460-462].

Сүннетті мойындамау үрдісі хижри жыл санауымен екінші ғасырдың басында көріне бастады. Ол уақытта кең етек жаймай, әр кезде бір бас көтеретін. Солай бола тұра ғұламалар бұларға қарсы ғылыми шаралар қолданып, басып отырды. Соңғы ғасырларда ислам ғалымдарының мүмкіндігі барынша шектелген кезде олар қайта шығып, ерушілері көп болмаса да, түрлі мемлекеттердегі ошақтары ислам дініне қауіп төндіруге тырысып бағуда.

Ислам тарихының алғашқы бөлігінде пайда болған хауариждер, мұғтазила, муржия, шииттер секілді ағымдарды қазіргі кұраншыларға кейбір тұспалдардан ұқсатуға болады. Себебі бұл ағым сол тарихта болған аталмыш ағымдар секілді Ислам үмметінің сеніміне қауіп тудырып отыр. Мұсылман қоғамын идеологиялық бұзу арқылы іштен ірітуі мүмкін. Мәселен, хауариждер – Ислам дініндегі ең алғаш пайда болған теріс ағым. Негізгі ұстанымы – мұсылман билеушілеріне қарсы күрес, мұсылмандарды күпірлікпен айыптау болғанымен, олар Құран мен сүннетке тек өзінің көзқарастарына қарсы ешнәрсе келмегенде ғана еретін еді.

Дегенмен идеологиясына қайшы сүннетке мойынсұнбауды әдетке айналдырған.

Сондай-ақ, шииттік идеологияның да ұстанып, сенетіні сүннеттің негізгі бөлігін жоққа шығару. Себебі, бұл ағым сахабалардың көпшілігін мойындамай, олар Пайғамбардан (с.ғ.с.) кейін күпірлікке түсті деп айыптайды. Соның нәтижесінде, өздері мойындап сенетін сахабалардан басқаның жеткізген хабарын қабылдамайды. Яғни, шииттер сахабалардың оншақтысын ғана мойындап, солар арқылы жеткен хадистерді ғана қабылдап ұстанады. Демек, сүннетті бөліп, жарады деген сөз. Егер де біз, шииттер мойындайтын сахабалардың ғана хабарларына сүйенетін болсақ, Пайғамбар (с.ғ.с.) сүннетін қаншалықты шектеп тастағанын көреміз.

Ал, Ислам дініндегі рационалдық ойлаудың негізін салушылар – мұғтазила ағымы да Мұхаммедтің (с.ғ.с.) сүннетіне жарым-жартылай қарсы шығып, Құранды тек ақылмен түсіндіруді дәріптеді. Ақылды нақылдан (Құран мен сүннеттен) жоғары қойып, Исламнан ауытқып кеткен топтардың қатарына кірді. Бұл топтың идеологиясының негізі ақылға сүйенді. Рационалдық тәсілдерді қолданғаны соншалық, Аллаһ әмірлері олардың ойлау жүйесіне қайшы келсе, қабылдаудан бас тартты. Қандай мәселе туындап қалса да, ақылмен өлшеп жатты, егер сәйкес келсе қабылдап, сәйкес келмесе бас тартып, мойындамайтын еді.

Тарихшылар бұл топтың көне гректердің және де басқа халықтардың философиясынан әсер алғанын тілге тиек етеді. Умауиттер дәуірінің соңғы кезеңінде және аббаситтер кезеңінде ислам-араб мәдениетіне үнді, грек және парсы мәдениеттері араласа бастады. Парсы мәдениеті исламға бас июден алдын, көне грек философиясы мен мәдениетінен мейлінше сусындаған еді. Мұғтазила ағымы өзінің ойлау және көзқарас қалыптастыру жүйесінде аталмыш мәдениеттерден әсер алды [6, 124-131].

Міне, осылай Пайғамбар (с.ғ.с.) сүннетін жоққа шығару, шариғаттың дереккөзі ретінде мойындамау үрдісі басталған еді. Сондай-ақ, мұсылмандардың арасында Аллаһ Елішісіне (с.ғ.с.) бойсұнбау әрекеті басталды. Жоғарыда айтып өткеніміздей, басы хауариждер мен шииттерден басталып, ары қарай мұғтазила жалғастырды.

Жоғарыда аталған топтардың әрқайсынан сүннетті мойындамаудың бір үлгісін көруге болады. Әрине, бұлардың қайсы болса да, сүннетті толығымен жоққа шығармаған. Ал, біздің

зерттеу тақырыбымыздың нысаны құраншылар тобы сүннетке толығымен қарсы шығуымен ерекшеленеді.

Қазіргі замандағы сүннетті жоққа шығару мәселесі он тоғызыншы ғасырдың аяғы мен жиырмамыншы ғасырдың басында Үндістанда ағылшындардың отарлауы кезінде пайда болды. Ағылшындар Үндістанды билегеннен кейін мұсылмандардан басқа индустар, буддистер секілді дін өкілдерінің барлығы дерлік ағылшындардың саясатына бас иіді. Бірақ мұсылмандарды бағындырып, бастарын идіру ағылшын отаршыларына оңайға түспеді. Сондықтан мұсылмандардан келетін қауіп сырттан келген билеушілерді алаңдататын. Тек алаңдатып қана қоймай, мұсылмандардың тарапынан бірнеше рет қарулы қарсылықтарға тап болып, түрлі төңкерістерден зардап шекті. «Солардың бірі ретінде 1857 жылы ағылшындардың отарлау саясатына қарсы ұйымдастырылған мамыр көтерілісі деп білеміз» [7, 30-31].

Үндістан елінде болған құраншылар бүлігінің негізін қалаушы Мырза Ахмед Хан болады. Оның толық есімі Саид Ахмед Хан ибн Ахмед Мирулмуттақа ибн Имад Әл-Хусайни. 1817 жылы қазан айында Дели қаласында дүниеге келді. Ең алдымен Құран оқып үйренді. Араб және парсы тілдерін меңгеріп, шариғат ғылымымен айналысты. Жасы жиырма бірге келгенде әкесі қайтыс болады да, шығыс Үндістан компаниясына жұмысқа кіреді. Сонда жұмыс істеп жүріп ағылшындармен танысып, олармен тығыз байланысқа түсе бастайды. Ағылшындарға оның зеректігі мен талабы қатты ұнайды. Іздеп жүрген жоқтарын тапқандай болады. Ахмед Хан олардың ойларынан шыққаны соншалықты, бертін келе ағылшындардың сот мекемелерінде төраға көмекшісі қызметіне көтеріледі. Ағылшындардан осынша сый-құрмет көргендіктен барынша олардың пайдасына сөйлеп, қызмет жасауға кіріседі. Отарлаушы билікке қарсы ұйымдастырылған 1857 жылдың мамыр көтерілісіне қатысты еңбек жазып, үнді халқының мүддесі емес, керісінше, ағылшындарға пайдасы тиетін ұсыныстар беріп, олардың тағы да сеніміне кіре түседі.

«Ахмед Хан Құранның түсіндірмесін тек рационалдық тәсілмен жасады. Ислам ғұламаларының дәстүрлі ұстанымына мүлдем қайшы ұстанымды қалыптастырды. Сондай-ақ, хадисті қабылдауға мүлдем орындалмайтын шарттар қойып, көптеген хадистерді жоққа шығара бастады. Кітаптар, еңбектер жазып, түрлі ғылыми журналдарды шығаруда өте белсенді еді. «Ахлақты түзету»

газетінің тікелей қожайыны өзі болды. Сондай-ақ, институт, мектеп секілді бірнеше оқу орындарын ашып үлгерді. Ол негізін қалаған оқу орындарының ең үлкені «Алигарх» университеті болды» [8, 19/30].

Құранның тәпсірін жасауда көптеген исламның дәстүрлі қалыптасқан ережелері мен ұстанымдарына қайшы пікірлерді алып келді. Файыпты, жындар әлемін, періштелерді және шайтан ұғымын жоққа шығарды. «Періштелер әлемінің мағынасы табиғаттың жел, жаңбыр және жанартау секілді құбылыстары. Жындар деген ормандар мен сахара шөлдің тұрғындары, олар тек түнде ғана тіршілік етеді», – деді. – «Шайтанның мәні құмарлықтың талаптары мен адам нәпсісінің азғындығы», – деді. Оны мұндай ислам ғұламаларының дәстүрлі сара жолына қайшы жолды ұстануына итермелеген «Құранның Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарға сөзі мен мағынасы бірдей емес, тек мағынасы ғана уахи болған кітап деп сенуі еді. Ал, сүннетке қатысты пікірлеріне тоқталатын болсақ, ол сүннетті бізге жеткізген риуаятшыларға тіл тигізуден бастады. «Сүннет Пайғамбар (с.ғ.с.) өмірден өткеннен кейін біраз жылдарға дейін жазылған жоқ. Тек адамдардың көкейлерінде ғана болды. Сондықтан, сүннеттің өзгеруі, бұзылуы, оған жалған сөздердің кіруі әбден мүмкін», – деді.

Оның өзі жөнінде жақын жүрген үзенгілестері: «Намаз оқымайтын, ораза ұстамайтын, Исламның құндылықтарына онша мән бере бермейтін», – дейді. 1897 жылы наурыз айында қайтыс болып, «Алигарх» университетінің ортасына өзі салған мешіттің жанына жерленді [7, 30-31].

Одан кейін Пәкістанда хадис ғылымымен айналысқан Абдулла Жакралауи пайда болды. Оның толық есімі Абдулла ибн Абдулла Жакралауи. Шамамен, 1830 жылы Пенджаб өлкесінде Жакрала деген ауылда діндар және білімді отбасында дүниеге келді. Оның әкесі тариқат шейхтарының біріне мүрид болатын. Бұл туылғанда Абдулла деп атын қойып, дұға жасап, береке тілесін деген ниетпен тариқат басшысына алып келеді. Шейх бұған дұға жасап, «Фулам Наби», яғни Пайғамбар (с.ғ.с.) қызметшісі деп атайды.

Абдулла хадистерді зерттеу барысында муташабиһ мәтіндерге келгенде көптеген қиындықтарға тап болып, соңында сүннеттің барлығын дерлік жоққа шығарып, тек Құранды ғана ұстану керек деген пікірге тоқталды. Сондай-ақ, ол «Бұл Құран тек өзі ғана Мұхаммедке (с.ғ.с.) келген уахи болып табылады, ал хадис немесе сүннет секілді басқа нәрселер уахи емес», – деп жариялады. Демек,



Жакралауи хадис ғалымдарының бірі, сүннеттің қызметкері бола жүріп, бір мезетте хадисті жоққа шығарушы, сүннетті балағаттаушы адамға айналған жоқ. Ол бірте-бірте күдіктердің шылауына орала беріп, соңында тура жолдан тайып кетуіне алып келді.

Жакралауидің бұлай діннің қорғаны болып жүріп, дұшпанына айналуы ағылшындардың назарынан тыс қалмады. Олар адамдардың назарын аударып, оған ерушілер жинап беруге атсалысты. Міне, осындай себептер арқылы өзі ұстанған пікірдің төл иесі Ахмед Хан секілді оның да отарлаушы билікпен байланысы басталады. Мұхаммед Али Қусури: «Британия үкіметінің қадияния мен жакралауия топтарының пайда болуы үшін атқарған үлкен рөлі бар. Шын мәнінде, британ үкіметі кейбір ислами тұлғаларды өздерінің тұзағына түсіріп, оларды Исламға қарсы бағдарламасына енгізді. Пайғамбар (с.ғ.с.) сүннетіне қайшы пікірлерді олар арқылы таратып, сондай шараларды ұйымдастыруға итермеледі. Солардың бірі – Абдулла Жакралауи еді. Оны христиандар өздерінің мақсатын орындату үшін жақсы пайдаланды. Даусын қатты көтеріп, сүннетті жоққа шығарды. Адамдарды алдына жан салмай осы пікірге шақырды. Христиан миссионерлерінің тарапынан оны қолдап, материалдық көмек береміз деп, істеп жатқан еңбегі үшін алғыс білдіретін сансыз хаттар келіп жататын еді», – дейді [7, 35-38].

«Ахлұль-Құран» деген жеке бірлестік ашып, белсенді түрде жұмыс жасауға кірісті. Ахлұль-Құранның мағынасы Құран иелері дегенді білдіреді. Жакралауи: «Ислам шарифатының жалғыз ғана дереккөзі бар. Ол да болса, Аллаһ тағаланың Елшісіне (с.ғ.с.) түсірген кітабы. Ал мұсылмандар дереккөз деп білетін хадис, мәзһаб секілді дүниелердің баршасы жалған, ешбір негізге ие емес» деген тұжырым жасады. Ғалымдар оның күпірлігі мен пасықтығы турасында үкім шығарып, пәтуә берді. Абдулла Жакралауи мұсылман емес, кәпір, Исламға еш қатысы жоқ деген үкімге қол қойған ғалымдардың қолдарын «Ишағат сунна» журналы жариялады. Абдулла Жакралауи сүннеттің дұшпаны болған күйінде 1914 жылы өмірден өтті [7, 36-39].

Бұл топтың белді тұлғаларының бірі 1861 жылы Амратсир қаласында дүниеге келген Хажа Ахмед-дин ибн Хажа Маян Мұхаммед ибн Мұхаммед Ибраһим Амратсирри болды. Қысқаша Ахмед-дин Амратсирри деген атпен танымал. Оны да туылған бетте әкесі өзінің шейхына алып барып, дұғасы мен батасын алады.

Сондай-ақ, шейх баланың есімін де қойып береді. Ахмед-дин білім алу жолын Құран ғылымдарымен айналысатын кейбір шейхтардың алдында бастайды. Содан кейін христиан миссионерлері мектебіне кіреді. Сол жерде христиандардың кітаптарын меңгеріп, біраз қазіргі заман ғылымдарына көңіл бөледі. Өзінің көп ізденушілік қасиетінің арқасында ислами ғылымдармен қатар тарих, жағрафия, астрономия, экономика, логика, математика секілді дүнияуи ғылымдарды да жақсы меңгереді. Араб, ағылшын, парсы, үрді және басқа да бірнеше жергілікті тілдерді білетін еді.

Ахмед-дин Амратсирри өзінен алдыңғы өткен құраншылардың пікірлерімен жақсылап танысады. Себебі, олардың еңбектері мен кітаптарын көп оқитын. Олардың көзі тірісімен байланысып, қарым-қатынаста болады. Олармен араласып, әсер алғаны соншалықты соңында оның өмірлік жолы да, пікірлерінің бастауы да құраншылардың тәлімі болады. Ахмед Ханнан сүннетті жоққа шығару пікірін алды. Абдулла Жакралауимен замандас болғандықтан онымен көп сұхбаттас болатын. Жакралауиге қарағанда бұл көбірек айлалы еді. Оған: «Сүннетті жоққа шығару пікірін ашық түрде айтпа, жасырын үлгіде бірте-бірте іске асырамыз», – дейтін. Сол секілді Мұхаммед Иқбалмен де байланысы бар еді. Екеуі көп кездесетін. Ортақ мәселелерді талқылап, сұхбаттасатын. Сол сияқты Амратсирридің Фулам Ахмед Қадиянимен де қатынасы жаман болмады. Қадиянидің пікірлеріне келіспесе де оған қарсы сөз айтпай, оның сабақтарына, жиындарына қатысып тұратын еді [7, 41].

Ол пікірлерін ашық түрде жарияламайтын, керісінше көп жағдайда жана малатып жеткізетін еді. Сондықтан кейбір адамдар оның тобына қалай кіріп кеткенін байқамай да қалатын. Ол өз заманының университет профессорлары, оқытушылар, қазилар секілді зиялы қауым өкілдерін де өз тобына тартып үлгереді. Амратсирридің осы ерекше қасиеттері оның ерушілерінің көбейіп, пікірлерінің кеңінен тарауына көп көмектесті. 1917 жылы «Мұғжизат әл-Құран» кітабында хадистерді сынап келе, Құранның интерпретациясын жалғыз Құранға негіздеп отырып шығару керектігін айтты. Ол «Ахлуль-Құраннан» бөлініп, 1926 жылы жеке «Уммат-Муслима» тобын құрды. Сосын осы топтың арнайы журналын шығарып, ойлары мен пікірлерін сол журнал арқылы жариялап отырды. Құраншылардың тарихында үлкен орын алатын, орасан зор қызмет жасаған бұл тұлға 1936 жылдың маусым айында көз жұмды [9].

Құраншыл пікірдің тізбегін жалғастырған келесі тұлға Фүләм Ахмед Паруиз болатын. Оның толық есімі – Фүләм Ахмед Паруиз ибн Фадлдин ибн Рахим Бахш. Ол 1903 жылы шығыс Пенджабтың Гурдашпур аймағындағы Батала қаласында дүниеге келді. Батала сол кездері суфизм орталығы еді. Және Паруиз алғашқы ислами білімін танымал суфий мистигі болған атасынан сусындаған. Сондықтан суфизмнің күрделі ілімі мен медитациялық рәсімдері Паруизді дінге сыни тұрғыдан қарауына себепші болды. Өзі бұл турасында былай дейді: «Жас кезімнен білімге құмар және әр нәрсені сұрақсыз қалдырмайтын едім».

Фүләм Ахмад Паруиз орта мектепті аяқтамай тұрып мемлекеттік қызметке кіріседі. 1927 жылы Үнді үкіметінің орталық хатшылығына қызметке тұрып, Ішкі істер министрлігінде жұмыс істейді. Паруиздің құраниттік көзқарастарына ерекше ақын, ойшыл және Пәкістанның «рухани әкесі» Мұхаммед Иқбал әсер етеді. Пәкістан мемлекеті 1947 жылы тәуелсіздігін алған соң, орталық үкіметте қызмет атқарды. Сондай-ақ, Мұхаммед Әли Джиннаның жақын кеңесшісі болды. 1955 жылы зейнеткерлікке шығып, өзінің жеке пікірлерін уағыздайтын ғылыми еңбектерге кірісті [10].

Иқбал арқылы Аслям Джаиражбуримен танысып, дәріс алып, оның пікірлерінен көп әсер алды. 1938 жылы Құранды өзінше түсіндіретін «Тулуғ-әл-Ислам» атты журналын шығара бастайды. Бұл өзінің құраншы пікірге қалай ауысқаны жайлы былай дейді: «Күндердің күнінде Құранның тәпсірін қарап отырған едім, Аллаһ тағаланың: **«Ей, иман келтіргендер, сендер Мұсаға тіл тигізіп, азар бергендер секілді болмаңдар. Аллаһ оны олардың айтқандарынан пәктеді. Ол Аллаһ құзырында абыройлы еді»**, – деген аятына келдім [11, 33/69]. Құран Бани Исраил Мұсаға одан мұқтаж емес нәрселерді талап етіп, қалай азар бергені жайында толығымен айтып өтеді. Бірақ хадистерді қарап отырсам, бұл аят жөнінде әбу һұрайраның Бұхари мен Тирмизи риуаят еткен хадисіне тоқталдым. Ол хадис бойынша Бани Исраил Мұсаны алапестікпен кінәлағаны, тастың оның киімін алып қашқаны, сосын Мұса тасты таяғымен ұрғаны айтылады. Содан денемнің бәрі тітіркеніп, терең ойға шомдым. Күмәндар бірінен соң бірі мені баурай берді» [7, 42]. Міне, осылай құраншылардың тобына қосылған еді. Сосын мінберлерде сөйлеген сөздері және оқыған дәрістері арқылы пікірін ашық түрде жариялай бастады.

Паруизден алдыңғы құраншылар: «Құран аяттары шариғаттың ешбір мәселесін қалдырмай, барша үкімдерін қамтиды», – деп

айтушы еді. Бірақ, бұл олар секілді емес, қарапайым халықпен бірге саясат пен билік басындағыларды бірге алып жүруді, олардың тарапынан қолдау көріп отыру жолын қарастырды. Сондықтан, Құран аяттары діннің жалпылама үкімдерін ғана қарастырады, ал толықтай жағдайларды билік иесіне тапсырады деген пікір айтты. Шариғаттың толықтай заңдарын билік иесі шығарып, қалыптастырады. Ол мемлекеттің мүддесіне қарай халал немесе харам ету құқығына ие деді. Әрине, өз кезегінде бұл пікір билікке және шенеуніктерге қатты ұнап, оған және ерушілеріне қолдау көрсетіп, қамқорлықтарына алды. Міне, осылай паруизшілер Пәкістан және үнді елдерінде кеңінен тарап, оқу немесе жұмыс үшін баратын кейбір пәкістандықтар арқылы Еуропаға да жете бастады. «Паруиздің Құран тілдері, Құранның түсінігі, Құранның баптары секілді алпысқа тарта еңбектері бар. Кейбір кітаптары үш, төрт том болып келеді» [12].

«1921-1925 жылдар аралығында құраниттер өздерінің көзқарастарын тарату үшін ай сайын «Ишағат әл-Құран» атты журналын шығарып отырды. Сондай-ақ, бұлар өздерінің пікірлері мен ойларын тарату үшін көптеген тәсілдерді пайдаланды. Дәстүрлі бағытты ұстанатын, басқа да мұсылман жамағаттарымен дауласумен болды.

Құраншылардың басқа да үгітшілері болатын. Оларға Мысри Мұхаммед Рамадан, Аслям Джиражбури және т.б жатады. Абдуллаһ Жакралауидің шәкірті Мұхаммед Мысри Рамадан (1875-1940) «Ахлуззикри уә әл-Құран» деген «Ахлуль-Құранның» филиалын құрып, «Балақ әл-Құран» атты журналын шығарған» [13, 16-17].

Жоғарыда біздің айтып өткеніміз құраншылардың ең негізгі тұлғалары. Бертін келе бұлар дасан топқа бөлініп, әрқайсысы өзінше жеке дағуаттарын жүргізуді бастады. Өмірдің түрлі жағдайлары оларға да әсер етіп, оның талабына сәйкес бұлар лайықты тәсілдерге жүгінуге тура келді. Солардың кейбір топтары Пәкістан, Үндістан және Англия секілді кейбір Еуропа елдерінде белсенді түрде жұмыс жасап келеді. Сүннетті мойындамайтындардың көпшілігі Еуропаға сапар шегіп, Ұлыбританияның азаматтығын алып, сонда қалып қойып жатыр.

Құраншылардың негізгі топтарының бірі – «Уммат муслим әһлуззикри уәл-құран». Бұл атаудың мағынасы мұсылман үмметі, зікір мен құранның иелері дегенді білдіреді. Бұл топтың негізі Жакралауи мен Амратсирридің пікірлерінен

бастау алады. Мүшелері аз болғандықтан атқарып жатқан қызметтері мен белсенділіктері шектеулі. Бұл топтың өзінің мешіт деп аталатын ғибадатханалары бар. «Олар онда өздерінің ережелері мен тәлімдері бойынша құлшылықтарын жасайды. Бұл ғибадатханалардың мешіттер деп атауының себебі, олар өздерін мұсылманбыз деп есептейді. Осындай ғибадатханалар Пәкістанның кейбір қалаларында кездеседі. Бір ғибадатхананың көлемі үлкен бір бөлменің көлемінен аспайды. Олар онда өздерінің ақидасы бойынша жұма намазын және әр күні үш уақыт намаз оқиды. Әрбір намазда екі рәқағат және әр рәқағатта бір сәжде бар. Олар руқұтан кейін тік тұрмай, бірден сәждеге барады. Бұларға ерушілердің көпшілігі «Тулуғ» ислам тобына қосылып кеткен» [7, 47].

Бұлардың тағы бір атап айтарлық тобы – «Тахрик тағмир инсаният». Мағынасы адамзаттың мәдениетін дамыту дегенді білдіреді. Бұл жаңадан пайда болған топтардың бірі. Бұл топтың іргетасы паруиздік пікірлерден әсер алған қалталы кісілердің біріне барып тіреледі. Ол – Абдулхалиқ Малуада. Осы топтың негізін қалап, бүкіл шығындарын өз қалтасынан төлеп отырған адам. Сарапшылар мұның паруиздік пікірдің өзі бола тұра неге бұлай жеке топ құрып жұмыс жасап жатқанын нақты бір себепке тірей алмайды. Мүмкін топбасшысы өзінің жеке атын шығарғысы келген болуы әбден ықтимал.

«Аталмыш топтың пайда болып, жұмыс жасап келе жатқанына жиырма жылдың шамасы болып қалды. Солай бола тұра, айтарлықтай қолдаушылар жинап, жетістіктерге жеткен емес» [7, 49].

Мысырлық Рашад Халифа мен оның «United Submitters International» атты ұйымы да анти-сүнниттік жолмен ерушілердің қатарында. Халифа 1959 жылы АҚШ-қа көшіп, биохимиядан Ph.D. атағына ие болып, Аризона штатының Тусон қаласында өзінің жеке сектасын құрып алған. Олар «Ислам» сөзінің орнына «Бағыну» (Submission), ал өздерін «мұсылман» емес «Бағынушылар» (Submitters) деп атай бастады.

Олардың ұраны – «Құран, бүкіл Құран және Құраннан басқа ештеңе». Халифа өзін пайғамбар деп жариялағаннан кейін мұсылман әлемінің сынына ұшырап, 1989 жылдың 19 наурызында жиналған 38 кісілік құрамында белгілі Ислам ғалымдары Абдуль-Әзиз ибн Баз, Юсуф Қардауи бар «Әлемдік Ислам фикһы кеңесі»

тарапынан кәпір деп саналып, өлім жазасына кесілді [14]. Дінбұзарлық көзқарастарын таратқаны үшін Рашад Халифа 1990 жылы Тусон мешітінің жанында өлтірілді.

Қазіргі таңда осы бағытпен белсенді түрде жұмыс жасап жүрген тұлға ретінде мысырлық Ахмед Субхи Мансур Мұхаммед Али танымал. Ол 1949 жылдың 1 наурызында Мысыр елінің шығысында Әбу Храйз елді-мекенінде дүниеге келді. 1964 жылы ел бойынша екінші дәрежелі болып әл-Әзһардың орталау мектебін тамамдайды. 1969 жылы әдебиет саласы бойынша әл-Әзһардың орта мектебін республика деңгейінде төртінші орынды иеленіп аяқтайды. 1973 жылы әл-Әзһар университетінің араб тілі факультетінде тарих және Ислам өркениеті мамандығын алып шығады. Бакалвриятта оқып жүргенде де өзінің алғырлығымен, зеректігімен танымал еді. Тіпті, университетті ең үздік деген бағамен, қатарының алды болып бітіреді. Сондай-ақ, өте жақсы деген бағамен Ислам тарихы және өркениеті біліктілігі бойынша 1975 жылы магистратураны тамамдайды.

«Ислам тарихы және өркениеті» деген тақырыпта 1977 жылы докторлық диссертациясын қорғауға ұсынады. Бірақ жасаған еңбегі университет ұстаздарының тарапынан үлкен қарсылыққа ұшырайды. Бұл қарсылық үш жылға созылады. Еңбегін оппоненттерінің сынынан өткізе алмайды. Соңында диссертацияның үштен екі бөлігін алып тастауына тура келеді. Алып тасталған тақырыптар сопылықтың мәмлүктер заманындағы Мысыр еліне барлық салаларда тигізген ықпалы жайында болатын. Әрине, Ахмед Мансур бұл еңбегінде сопыларды кертартпа фактор ретінде көрсетуге тырысады. Сонымен 1981 жылы осындай алыс-берістің нәтижесінде араб тілі факультетінің тарих және өркениет кафедрасында докторлық диссертациясын қорғап шығады» [15].

Университетте оқып жүргенде әл-Әзһар мектебінде сабақ беруді бастайды. 1973 жылдан бастап әл-Әзһар университетінің араб тілі факультетінде ассистент болып жұмыс істейді. 1975 жылы тарих бөліміне көмекші мұғалім ретінде тағайындалады. 1981 жылдан 1987 жылы университет басшылығына қарсы пікірлерін жариялағанға дейін аталмыш бөлімде толықтай оқытушы болып жұмыс істейді. Сунниттердің ақидасын қатеге шығарып, осы бағытта университетте қызметте жүріп бес еңбек жазады. Бұл еңбектерін студенттерге оқытып, олардан университеттік

бағдарлама ретінде талап етеді. Университет басшылығы оның мұндай әрекеттерін білген кезде жұмыстан шығару жөнінде бұйрық шығарады. Сондай-ақ, басқа елге кетуіне және көмекші ұстаз қызметіне көтерілуіне тосқауыл қояды. Аталмыш бес еңбегі оның қызметінің өсуі үшін керек-тін. Университет студенттерінен бағдарламада жоқ материалдарды талап еткені үшін әкімшілік жауапқа тартылады.

Ахмед Мансур пайғамбарлардың күнә істеуден пәк екендігін, Мұхаммедтің (с.ғ.с.) қияметте болатын шапағатын және басқа пайғамбарлардан артықшылығын жоққа шығарады. Өзінің төсілдері бойынша Құран аяттарына түсіндірме бере отырып, пікірлерін негіздеп шығады. Тек Құранмен ғана шектелу керек деген пікірге тоқталады.

Ахмед субхи Мансур өзінің ғылыми ұстанымын «Ислам – бейбітшілік діні» атты мақаласында былай деп түсіндіреді: «Исламға деген көзқарас екі түрлі болады. Біріншісі, ислам дініне оның иләһи түпнұсқасы – Құран Кәрім арқылы қарау. Бұл көзқарастың негізі – Құранды өзінің тілі мен терминдері арқылы түсінуде жатыр. Құранның араб тіліне ұқсамайтын өзінің жеке тілі бар. Араб тілі де басқа тілдер секілді заман, мекенге және қоғамға байланысты өзгеріп отырады. Сондықтан, кімде-кім Исламды білгісі және үйренгісі келсе, Құран тілін үйренуі керек. Содан кейін ешбір алдыңғы пікірсіз, таза қабілетпен Құран аяттарын зерттеп қарайды. Бұл ұстаным мағынасы анық болған мухаммат аяттарға да, мағынасы ашылмаған, көптеген зерттеулерді қажет ететін муташабиһат аяттарға да қатысты. Осылай ету арқылы Құран аяттарының баршасына сәйкес келетін көзқарасқа тоқтаймыз. Міне, осы – Исламға деген құрани көзқарас. Ал, көзқарастың екінші түріне келсек, ол адамның мұра болып жалғасып келе жатқан өзінің жеке пенделік көзқарасы. Бұл Исламға Құран, Пайғамбарға (с.ғ.с.) тағылатын жалған хадистер, аяттардың түсу себептері фикһ және тәпсір ғалымдарының пікірлері сияқты әртүрлі дереккөздер арқылы қарау. Әрине, бұлай болса, көптеген қайшы пікірлерге душар боласың. Әрбір көзқарас Құран аяттарының арасынан өзінің ұстанымын қолдайтын тетік табуға әрекет жасайды. Осылайша олар өздері үйренген ережелер мен ұғымдар арқылы Құранды түсінемін деп жүріп, аятты өз мағынасы мен мақсатынан тайдырып жібереді. Ислам жайындағы мұндай түсінік Исламның ақиқатына қайшы екендігі табиғи мәселе. Осы екінші көзқарастың негізінде исламның лаңкестік, агрессия, артта қалушылық және

экстремизм секілді кертартпа қасиеттермен айыпталуына алып келетін пәтуалар шығады» [16].

Біз өзіміз көріп отырғанымыздай, Құран тілі мен араб тілінің арасын мүлдем айырып қарайды. Сондай-ақ, ғасырлар бойы Ислам ғұламаларының үлкен жүйеге негіздеп жасап келе жатқан еңбектерінің баршасын жоққа шығарады. Исламның тарихы мен тарихи мұрасын мойындамау, Құран көрімінің тарихы мен ерекшелігін мойындамауға алып соғатындығын байқамайтын секілді. Құран тілі деп айтқанымен, ол тілдің негіздері мен ұстанымдарын қонымды етіп бекітіп бере алмайды.

Ахмед Субхи Мансур Ислам ғұламаларының Құран мен сүннетке негіздей отырып бекіткен үкімдеріне мынадай пікірлерімен қарсы шықты: «Мұсылмандар дәстүрлі кітаптардың айтып өткен үкімдеріне еріп және ол кітаптарды қастерлеп адасып жүр. Себебі, дәстүрлі кітаптар қазіргі замандағы экстремизм, фанатизм, лаңкестік мен педантизмнің бастауы. Құрандағы күпірлік сөзінің мағынасы тек жүректегі сенімге қатысты емес, адамның мінезі мен тәрбиесінің күпірлігі. Пайғамбарға (с.ғ.с.) салауат айту дегеніміз, ұқсап өмір сүруді білдіреді. Дәстүрлі ғалымдардың айтып кеткен тілмен айту салауаты емес. Құран көрімдегі ортаңғы намаз – ізгі амалдарға жетелеген, Аллаһқа тақуалық етуге көмектескен намаз. Екі куәлік сөзіне Аллаһ елшісін (с.ғ.с.) қосып айту Аллаһқа серік қосудың бір түрі. Сол сияқты намазда айтылатын салауаттарды және азанға Мұхаммедтің (с.ғ.с.) атын қосуды да Аллаһқа серік қосу деді. Себебі, Ислам Пайғамбары (с.ғ.с.) ең абзал елші емес. Ол басқа елшілер секілді, олардан оның ешбір артықшылығы жоқ. Ислам тарихында дінді тарату үшін болған жорықтарды, мұсылмандардың жеңісін «материалдық пайданы көздеген отарлау жорықтары» деп айыптады. Қажылықты тек зұлхижжа айында ғана емес, харам айлардың қайсында болса да орындай беруге болады. Оның ең сорақы пікірлерінің бірі, мұсылман қызды басқа діннің өкіліне, яғни яһуди немесе христиан адамға тұрмысқа беруге болады деуі» [17].

Ахмед Субхи Мансур Америкаға орнығып, есін жиған соң 2004 жылдан бастап өзінің пікірі мен ұстанымын ғаламтор желісі арқылы таратуға, үгіттеуге кірісті. Оның бүкіл мақалалары мен еңбектерін жариялап дәріптеп отыратын ғаламторда жеке веб-сайты бар. Жалпылама алғанда көптеген сарапшылар оны біріншіден Америкадағы, сосын әлемдегі құраншылардың қазіргі замандағы көсемі, рухани әкесі ретінде көреді.



## ҚҰРАНШЫЛАР ЖОЛЫ ИСЛАМНЫҢ ДӘСТҮРЛІ ҰСТАНЫМЫНА ҚАЙШЫ

Құраншылар бағыты жалпы Исламның дәстүрлі ұстанымдары мен ережелеріне жауап бермейтіндігімен ерекшеленеді. Себебі, Ислам тарихының әу басынан бері мұсылман қауымы Пайғамбар (с.ғ.с.) сүннетін ерекше бағалап, ұстанумен келеді. Құраншылардың ең негізгі дәстүрлі ұстаным мен идеологияға қайшы келетін пікірі: «Дін мен шариғаттың үкімдерін баяндап, бекіту үшін сүннеттің ешқандай керегі жоқ. Құранның жалғыз өзі жетіп артады». Құраншы ғалымдардың өз сөзімен келтіретін болсақ, олар былай дейді: «Құраншы дегеніміз шариғат заңдарын бекіту үшін Құранның өзі ғана жеткілікті болады деп сенетін кісі. Ол өз сөзін Аллаһ тағаланың мына аяттарына негіздейді: **«Міне, осы кітапта ешбір күмән жоқ, тақуаларға тура жол болған кітап»** [11, 2/2]. **«Саған оқылатын кітап түсіргеніміз олар үшін жеткілікті емес пе?»** [11, 29/51]. Осылай, жазғыра айтылған сұрақты естіген құраншы: «Иә, Раббым құлың, әрі Елшің Мұхаммедке (с.ғ.с.) оқу үшін түсірген кітабың жетіп артылады», – деп жауап берді» [18].

Демек, жоғарыдағы айтылған пікір бойынша Құран кәрім дін үкімдерінің баршасын баяндайды. Жалпы және арнайы үкімдерді, сондай-ақ, әрбір мәселені бүге-шүгесіне дейін тәптіштеп айтып түсіндіріп өткен. «Шариғат үкімдерінің барлығы толықтай Құранда баяндалған. Себебі, Құран ешнәрсені тастаған әрі қалдырған емес. Сондықтан, Құранның жалғыз өзі ғана бізге, басқа ешқандай түпнұсқаға мұқтаж болмай, жеткілікті болды. Сүннет деген дүниеге ешқандай қажеттілік жоқ. Ислам шариғатында оның алар орны да жоқ», – деп, жоғарыда айтқанымыздай бұл пікірге Аллаһтың кітабынан өз пайымдауларынша дәлелдер келтіреді.

Мысалы олар: **«Біз кітапта еш нәрсені қалдырмадық»** [11, 6/38] ; **«Бұл кітап жалғаннан айтыла салар сөз емес, бірақ одан (Пайғамбардан) алдыңғыны растаушы, барлық нәрсенің толық баяны, иман келтірген қауымға тура жол және рақымдылық болған кітап»** [11, 12/111], – деген аяттарды негізге алды. Сол сияқты, Құранды «ашық баяндаушы» деп сипаттаған аятты негізге ала отырып, «Құран барлық жағдайды бізге айтып өткен, ешнәрсені қалдырған емес» деді. Сондай-ақ: «Аллаһ тағала бұл кітапта діннің ісі болсын, үлкен немесе кішкентай мәселе болсын, адамдардың сеніміне немесе құлшылығына қатысты

шариғаттың қандай үкімі болсын толықтай баяндап берген. Олай болса, біз неге басқа жақтан дәлел мен негіз іздеуіміз керек? Құраннан басқа қосымша түпнұсқаның бізге қажеті қанша? Бұл деген Аллаһ тағаланың дініне қосымша, оған қатысы жоқ нәрсені енгізу болып есептеледі. Аллаһтың шариғатын басқа нәрсемен араластыру болып табылады. Демек, бұл жағдай мүлде дұрыс емес, харам іс. Себебі, біз олай ететін болсақ, Аллаһтың кітабы барлық жағдайды баяндамаған, жеткіліксіз деп кемсіткен боламыз. Әрине, олай ету дінге де, Аллаһқа да қарсы іс екені анық», – деп олар өз ұстанымдарын негіздейді.

Әһлі-сүнна ғалымдарының Құран мен сүннетке негіздей отырып, бекіткен үкімдеріне сәйкес, олардың мұндай адасқан пікірлеріне былай деп жауап беруге болады: «Құраншылардың бұл пікірі – Құранды толықтай түсінбеген, меңгермеген және аяттардың түсу тарихынан еш хабары жоқ немесе ниеті дұрыс емес екендігінің айқын дәлелі. Ислам үмметі Құран аяттары көптеген аспектілерінде және үкімдеріне қатысты жалпылама (мужмал<sup>1</sup>) әңгімелеп өтеді деген пікірге тарихтың таңынан бері бірауыздан келісіп (ижмағ үкімі) бекіткен. Міне, осындай мужмал аяттардың мақсаты мен мағынасын Пайғамбар (с.ғ.с.) сүннеті бізге түсіндіріп және толықтай баяндап нақтылап береді. Аллаһ Елшісі (с.ғ.с.) бұл мәселеде тек Алланың әмірін ғана орындайтын еді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Раббысының әмірінен ешқашан да тыс әрекетке бармаған. Себебі, Аллаһ тағала Құранда: **«Сен адамдарға оларға не нәрсе түскенін баяндап беруің үшін Саған зікірді түсірдік, олар осыны пікірлейтін шығар»**, – дейді» [11, 16/44].

Демек, Құран кәрім дін мәселелері мен шариғат үкімдерінің негіздерін айтып өтеді. Ал, шариғат мәселелерінің кейбірін толықтай баяндайды және көпшілігін мужмал етеді. Әрине, шариғат мәселелерінің көпшілігінің мужмал әдіспен келуі Аллаһ тағаланың даналығы болатын. Құран өмірлік ережелердің жиынтығы. Адам баласына сол негізгі ережелердің барлығын көрсетіп, енді қалғанын осы ережелер мен негіздерге сала отырып талдай бер деген кітап. Егер Құран ұсақ-түйек мәселелердің барлығын қамтитын кітап десек, қатты қателесеміз. Шариғаттың тарауындағы үкімдерді, яғни мужмал сипатта келген ережелерді Аллаһ тағала өзінің сүйікті елшісі Мұхаммедке (с.ғ.с.) баяндап

---

<sup>1</sup> *Имам Сарахси: Мақсаты айтылған тарап өзі түсіндіріп бермегенше, түсініксіз болатын сөз – дейді.*

жеткізуді тапсырған. Өйткені, хазреті Мұхаммед (с.ғ.с.) Құранды адамзатқа жеткізуші жай дәнекер ғана емес, оны егжей-тегжейлі түсіндіруші, жалпысын жалқылайтын, кесек айтылған үкімдер мен жалпы айтылған ереже-қағидаларды таратып талдайтын ұлы ұстаз ретінде жіберілген. Сондай-ақ, дінді пайғамбар мен оның сахабалары түсінгендей түсіну – мұсылмандардың адасып кетпеуінің негізгі кепілі. Осындай пікірді Ислам үмметінің ғұламалары ғасырлар бойы ижмағпен қабылдап, өмір сүріп келеді.

Егер де құраншылар Құранда барлық үкімдер толығымен баяндалған дейтін болса, Ислам дінінің тірегі намаздың толықтай үкімдерін, қанша рәкат болатынын, қай уақытта басталып, қашан аяқталатынын, қанша және қалай сәжде жасауды, рукіндерін, уәжіптерін, оны бұзатын жағдайларын және басқа да мәселелерін қайдан білеміз? Құран кәрім намазды оқуға, оразаны ұстауға, зекет беруге және қажылық сапарын орындауға бұйырады. Бұл ғибадаттар діннің негізгі тіректері болған құлшылықтар. Бірақ, Аллаһ тағала бізге осы ғибадаттардың қалай орындалатындығын Құранда әңгімелемейді. Оразаның үкімдерін, зекеттің мөлшері мен қажылықтың амалдарын сүннеттен басқа ешбір кітап бізге баяндай алмайды.

Сүннетті «Аллаһтың уаһийі емес, ол тек Пайғамбардың өзінше ізденуі және өзінің пікірлері, әрекеттері» деп сену олардың негізгі пікірлерінің бірі. Пайғамбар (с.ғ.с.) өзінің адами қасиеттері мен табиғатының негізінде айтқан сөздері мен істеген істері. Олай болса, сүннетте қателесуі немесе дұрыс болуы да мүмкін. Себебі, қателік пен кемшіліктен Аллаһ тағала тек өзінің уаһийін ғана сақтайды. Бұл пікірді Паруиз көп дәріптейтін болған. Бұл пікірдің негізі ретінде Пайғамбардың (с.ғ.с.) құрма ағашын тозаңдастыруға қатысты оқиғасын келтіреді. [7, 56-57]

Хадисті имам Муслим өзінің сахихінде риуаят еткен: «Бір күні Аллаһ Елшісі (с.ғ.с.) құрма ағаштарының басында жүрген адамдарды көрді. «Бұлар не істеп жатыр», – деп сұрағанда, олар: «Құрманы тозаңдастырып жатыр, еркегін ұрғашысының ішіне кіргізіп тозаңдастырады», – деп жауап берді. Сол кезде Аллаһ Елшісі (с.ғ.с.): «Мен оның пайдасы болады деп ойламаймын», – деді. Мұны естіген құрма ағашының үстіндегі сахабалар қоя салды. Сахабалардың бұл ісінен кейін Пайғамбар алайһи сәләм: «Егер оларға оның пайдасы болса, солай етсін. Мен пайдасы жоқ шығар деп ойлады. Мені жай ойлағаным үшін айыпқа

бұйырмандар. Бірақ, Аллаһ тағала туралы сендерге бір нәрсе айтсам, оны алындар. Себебі, мен Аллаһтың атынан ешқашан жалған айтпаймын», – деді» [19, 141/2363]. Құраншылар өздерінің қарсы пікірлерін төмендегідей негіздейді. «Егер де оның айтқан сөзінің бәрі уаһи болса, неге «мен жай ойладым» дейді. Сондай-ақ, оның берген кеңесі мұсылмандар үшін пайдалы кеңес бола алмады. Пайдасы болмаған ақыл-кеңесті біз қалай ғана уаһи деп айта аламыз?» – дейді.

Құраншылардың мұндай күдігіне жауап беру үшін ең алдымен сүннетті уаһи деп бекітетін дәлелдерді айтып өтумен бастау керек. Пайғамбар (с.ғ.с.) сүннетінің уаһи екендігін Аллаһ тағала өз сөзімен нақтылап бекітеді. Құранда: «Ол өз ойымен сөйлемейді, оның сөйлегені көкейіне берілетін уаһи болады» [11, 53/3-4], «Егер де Ол (Елші) біздің атымыздан жалған сөздерді айтса, Біз оны қатты қысымға алар едік. Сосын оның тамырын үзіп жіберетін едік. Сендердің ешбірің тосық бола алмас едің» [11, 69/44-47], – делінеді. Әрине, бұл аяттарда Аллаһ тағала Аллаһ Елшісінің (с.ғ.с.) бізге мәртебесін білдіріп жатыр. Оның жай сөз айтпайтын, Аллаһтың тарапынан хабар жеткізуші Елші адам екендігін бекітіп отыр. Сондай-ақ, ол қателескен немесе әдейі өтірік айтқан болса, жазасы соншалық үлкен болатындығын айтып отыр. Бірақ, ол ешқашан өтірік айтып, қателескен емес. Аллаһтың атынан жалған өкілдік жасаған емес, сондықтан өміріне ой жүгіртсек, оның Аллаһ тағала ескерткендей жазаға душар болғанын біле алмаймыз.

Аллаһ тағала Құранда анық әрі айқын, мухкамат аяттарда мұсылмандарға Аллаһ Елшісіне (с.ғ.с.) бойсұнуды, Оның жолын ұстануды парыз етіп бұйырады. Аллаһ Елшісі (с.ғ.с.) неге бұйырған болса, орындап, не нәрседен тыйған болса, тыйылуға шақырады. Құранда Алла тағала: **«Сендерге Елші нені алып келсе, оны алындар, ал не нәрседен тыйған болса, тыйылындар»**, – дейді [11, 59/7].

Бұл аятты имам Фахруддин Ар-Рази: «Тәпсіршілер бұл аят олжа мүлкіне қатысты түскен болса да, Аллаһ Елшісінің (с.ғ.с.) парыз, сүннет, мустахаб және харамға қатысты барша әмірлері мен тыйымдарын қамтиды. Демек, бұл аятқа олжа мәселесі және басқа да жағдайлардың бәрі дерлік қатысты», – дейді [20, 13/08]. Сондай-ақ, Аллаһ тағала: **«Ей, мүміндер, Аллаһқа бойсұныңдар және Елшіге бойсұныңдар, сондай-ақ, еңбектеріңді зая кетірмендер»**, – дейді [11, 47/33].

Бұл аяттарда Аллаһ тағала ашық түрде Елшіге (с.ғ.с.) бойсұнуды міндеттеп жатыр. Сол секілді, Құран аяттары: **«Жоқ, олай емес,**

**Раббыңның атымен ант етемін, олар өзара дауласып, келісе алмай қалған кезде саған төрелікке жүгініп, сен берген үкімге көкейлерінде ешбір қарсылық болмай, бойсұнбайынша иман келтірмейді» [11, 4/65], «Олардың арасында төрелік ету үшін мүміндер Аллаһқа және оның Елшісіне шақырылғанда тыңдадық та бойсұндық деп жауап береді. Міне, осылар жемісті болатындар», – дейді [11, 24/51].** Бұл аяттардың негізінде иманның дұрыс болуы Аллаһ Елшісіне (с.ғ.с.) бойсұнуға қатысты болып тұр. Кім Пайғамбарға (с.ғ.с.) иман келтіргеннен кейін, оның үкіміне разы болмаса, мүмін-мұсылман болып есептелмейді. Сондай-ақ, кімде-кім Аллаһ Елшісінің (с.ғ.с.) тарапынан шақыру, пәрмен келгенде тыңдаумен бірге бойсұнатын болса, бұл оның мүмін екендігінің дәлелі. Елшінің үкіміне разы болу, әрине, Оның сүннетін мойындап, оны орындаумен іске аспақ.

Құрма ағашын тозаңдастыру мәселесі дін ісі емес екені белгілі. Бұл адамның тәжірибесі мен күнделікті дүние шаруасына қатысты мәселе. Дін ісі мен үкімдеріне қатысты болмағандықтан мұны біз уахи деп айта алмаймыз. Күнделікті тіршіліктің істері дінге және уахиға халал немесе харам тұрғысынан болмаса, еш қатысы жоқ екенін білеміз. Адам баласы күнделікті шаруасын қалай, қандай әдіс-тәсілдермен жайғастырады өзі біледі. Қойылатын шарт тек қана шарифатқа қайшы, харам тәсілді қолданбаса болғаны.

Пайғамбар (с.ғ.с.) меккелік болатын. Сондай-ақ, пайғамбарлық келуден бұрын айналысқан ісі қой бағу болды. Сондықтан, бағбандық немесе дихандық саласында тәжірибесі жоқ болатын. Сахабалар осы оқиғадан Аллаһ Елшісінің (с.ғ.с.) кеңесін тыңдап, құрма ағашын тозаңдатуды қойған еді. Бірақ сол жылы құрманың жемісі ойдағыдай болмайды. Содан олар Пайғамбар алайһи сәләмға келіп шағым жасайды. Сол кезде Аллаһ Елшісі (с.ғ.с.): «Сендер бұл дүниенің ісін жақсырақ білесіндер», – дейді [19, 141/2363]. Құраншыларға берер жауаптың түйіні бұл мәселе шарифаттың үкіміне қатысты емес еді [7, 62-63].

Келесі кезекте құраншылардың «сахабалар сүннетті шарифат деп есептемеді, сондықтан жазуға, жаттауға мән бермеді» дегені, жалған әрі жала сөз ғана. Себебі, ғалымдар хадис және тарих кітаптарында сахабалар қаншалықты сүннетке мән бергенін, үйренуге әрекет жасағанын көруге болады. Сахабалар Аллаһ Елшісінің (с.ғ.с.) сөздерін үйренуге, жаттауға, мән беріп талқылауда ешбір жанды алдарына салған емес. Қияметке дейін сахабалардан артық ешкім олай жасай да алмайды. Имам Бұхари хазрет Омар бин Хаттабан мына оқиғаны жеткізеді. «Омар: Ансар

көршім екеуміз Аллаһ Елшісінің (с.ғ.с.) алдына дәріске кезекпен барушы едік. Бір ол, бір күн мен баратын едім. Егер мен барсам, оған жақсы хабар әкелемін. Ол барғанда да солай етуші еді, – дейді» [2, 1/286]. Әрине, бұл оқиға Омардың хадистерге және Аллаһ Елшісінің (с.ғ.с.) дәрістері мен сөздерін жаттауға, үйренуге деген үлкен ықыласын білдіреді.

Имам Бұхари Ғұқба бин Харистен мына риуаятты жеткізеді: «Оған бір әйел: «Мен сені және әйелінді де емізгенмін», – деп айтады. Мұны ести салысымен Ғұқба Аллаһ Елшісіне (с.ғ.с.) Меккеден Мәдинаға жолға шығады. Аллаһ Елшісінің (с.ғ.с.) құзырына келгенде, болған жәйтті баяндап: «Егер де өзінің сүт қарындасына білмей үйленсе, қалай болады?» – деп сұрайды. Сонда Аллаһ Елшісі (с.ғ.с.): «Қалай болады, айтылды емес пе?» – дейді. Сонымен Ғұқба сол кезде әйелімен ажырасып, әйелі басқаға тұрмысқа шығады».

Сахабалар Пайғамбардан (с.ғ.с.) ғана емес, Оның жұбайларынан да ол туралы, оның үйдегі сүннеті, өмір сүруі, отбасымен қарым-қатынасындағы ерекшеліктері жайында сұрап білуге құштар еді. Сондықтан, Айша (р.а.) анамыз «ер кісілердің ұстазы» деген атаққа ие болды.

Құраншылардың көсемдерінің бірі Абдулла Жакралауи: «Қасиетті кітап (Құран) дінге қатысты мәселенің баршасын толығымен, түсіндіріп жан-жақты айтып өткен. Олай болса, жасырын уаһидын, сүннеттің қажеті қанша», – дейді [21, 49]. Тағы бірде: «Аллаһтың кітабы толықтырылған. Мұхаммедтің ешбір түсіндірмесінің, тәпсірінің, ашып беруінің немесе іс жүзінде көрсетуінің қажеті жоқ», – дейді [22].

Әрине, бұл сөздерімен өздері ұлықтап отырған Құранға күпірлік жасап отыр. Себебі, Аллаһ тағала өзінің кітабын баяндап, түсіндіріп, ашып беруді пайғамбарға тапсырған. Құран бұл жөнінде: **«Саған адамдарға түскенді ашып, баяндап беруің үшін зікірді түсірдік»**, – дейді [11, 16/44].

Аллаһ тағала пайғамбарына баяндауды тапсырып отыр. Сондай-ақ, бүкіл адамзатқа елшісінің сөзі мен тәліміне жүгіну міндет екенін үйретіп отырғаны айқын. Егер де құраншылар Аллаһ Елшісінің (с.ғ.с.) түсіндіруі мен тәпсіріне мұқтаждықтары болмай, теріске шығарса, Құранға қарсы шығып, күдіктеніп отырғандығы көрінеді.

Құранда: «Намаз оқып, зекет беріндер» деген тоқсанға жуық аят бар. Бірақ бұл аяттардың ешбірінде намаздың нақты уақыттары, рәкат сандары және намаз ішінде оқылатын сүрелер мен дұғалары

көрсетілмеген. Ал енді хадисті жоққа шығарсақ, ғасырлар бойы оқылып келе жатқан намаз қалай оқылады? Сондай-ақ, Құранда зекет берілуі тиіс мал-мүліктің түрлері мен мөлшері де нақты көрсетілмеген. Тіпті, мұсылмандықтың рәмізіне айналған бес уақыт шақырылатын «азан» Құранда мүлде айтылмайды. Мәйіттің қалай кебінделіп, жаназа намазының қалай атқарылып, қалай жерленетіндігі де білдірілмеген.

«Құлшылық саласында құраншылардың бірауыздан келісілген мәселесі жоқтың қасы. Кейбіреулері намаз 5 мәрте оқылады десе, басқалары 4, тіпті, 3 рет оқылуы тиіс деп қасиетті кітаптың аяттарын келтіреді. Мысалы, «Burhan al-furqan ‘ala salat al-Quran» атты кітабында Абдуллах Жақралауи мен оның ізбасарлары хадистерге сүйенбей, намаздың шарттарын Құраннан іздемекші болып, оның күніне 5 мәрте оқылатынын жазған. Дегенмен, намаздағы рәкат саны, рукуғ және сәжде сияқты элементтер жайлы кітапта мәлімет өте аз болғандықтан, ол ғибадатқа қатысты емес кейбір аяттарды намаздың қалай оқылуын түсіндіру үшін қолданыпты. Мысалы: «Егер Аллаһ есту, көру сезімдерінді алып, жүректерінді мөрлесе, Аллаһтан басқа сендерге оны әкелетін тәңір кім?» деген «Әнғам» сүресінің 46 аятын намаз бастар алдында қолдарды құлақтың азандығына көтеру керек деп тәпсірлеген [13, 34]. Бұл аят көпірлерге айтылып, намазға мүлдем қатысы жоқ екендігі есі дұрыс адам үшін түсінікті жәйт.

## **ҚҰРАНШЫЛАР ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕ**

Бүгінде қазақ жері Ислам дінін негіз еткен мұсылман қауымының бірлік пен ынтымақта өмір сүруіне қолайлы жағдай жасалған құтты мекен екені әлем жұртшылығына белгілі болды. Бұл өзінен-өзі болған жоқ, талай жылдар аңсаған егемендіктің жемісі нәтижесінде келді. Алайда, осындай айрандай ұйып отырған берекелі де мерекелі елге сүйсіне де, сүзіле қарайтындар да жеткілікті. Олар мұндай қызғаныштарды ішіне сыйғыза алмай түрлі Құйтұрқы саясат жүргізуге де бар. Сондай саясаттың бірі ретінде дінді негіз еткені кез келген көзі қарақты азаматқа айтпаса да түсінікті.

Бәлкім, бүгінде қазақ қауымының осал тұсы осы діни сауатының таяздығы болса керек-ті. Оны пайдалану жоғарыда аталғандардың негізгі қаруы болары сөзсіз. Олай дейтініміз, бүгінде елімізге

қайдан, қашан келгені белгісіз діни ағымдар саны артып тұрғаны баршамызға жасырын болмай қалды. Солардың бірі емес, бірегейі – құраншылар. Бүгінгі таңда «құраниттер» деген атпен танылған бір топ өздерін көпшілікке Құранды жақсы көретіндерін паш етумен танылуда.

Құран – Аллаһтың сөзі. Құран сөзінің сөздік мағынасы – оқу, бір нәрсенің оқылуы. Міне осы негізде құраншылар басты қағида етіп қасиетті Құранды алады. Тапқан ақыл десе де болғандай. Құран десе кім қарсы шығады? Сол себепті байыбына барып, таразылап қарамаса, ә дегенде ажыратып алу оңайға соқпасы анық. Айтылған уәждерге Құран аяттарын келтіріп тұрған соң кім қарсы келе қояр дейсің? Міне, сол себепті бұл мәселені түсініп, ажыратып алу шындығында, біршама ізденісті қажет етеді.

Жалпы алғанда, құраниттер-құраншылар деген атаудың өзі – шындыққа жанаса ма? Мәселе осында. Бұл жөнінде көптеген пікірлер бар. Олай дейтініміз құраншылар өздерін «Біз Құранды басшылыққа аламыз, Құранның негізінде жүреміз» дегенді негізге алады. Сол үшін олар өздерінің теріс пиғылдарына Құранды пайдаланады, яғни құранды бетперде етеді, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сүннетін қабылдамайды. Мұны осыдан-ақ көруге болады. Олардың ұғымынша Құраннан басқа үкім беретін қайнар бұлақтарды қабылдамайды.

Бірақ, олар «қасиетті Құран кәрімді жақсы көреміз» деп егіздің сынарындай болған Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сүннеттерін жоққа шығарып жүргендігі тіпті түсініксіз. Егер тереңіне мән берсек, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадисін мойындамаса, онда олар Аллаһ Елшісін де (с.ғ.с.) мойындамайтынына еш күмән болуы мүмкін емес. Демек, Пағамбарымызға (с.ғ.с.) сенуге күмән келтірген болса, онда шарифаттың негізгі тірегі болған (Құранға қоса) хадис, тәпсір, қияс мәселелеріне қоса, сахабаларға, Ислам ғалымдарына, олардың пәтуаларына, яғни Исламның қайнар көздеріне теріс қарап, оларды жоққа шығарады деген сөз. Қасиетті Құран кәрімнің Аллаһ тағала тарапынан Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) уаһи арқылы түсірілгенін мойындаса, онда қасиетті кітапты кеңінен түсіндіретін Аллаһ Елшісінің (с.ғ.с.) хадистерін теріске шығаруы ақылға сыймайды.

Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадистеріне мүміндердің бойұсынуын және амал етулерін дәлелдейтін Құранда көптеген аяттар бар. Мысалы: **«Сендерге Пайғамбар не берсе, алыңдар**



**да, неден тыйса, содан тыйылыңдар әрі Аллаһтан қорқыңдар. Сөзсіз Аллаһ қатты азап несі» [11, 59/7].**

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) хадистер арқылы діннің жалпы қағидаларын жалқыландырған, яғни тарқатып түсіндірген. Құран қияметке дейін жалғасатындықтан, анау айтқандай ұсақ-түйек мәселелер емес, кесек, негізгі қағидалар қойылады. Ал, тармақтарын Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) түсіндірген. Құранда бірнеше жерде Аллаһ тағала «Намаз оқыңдар!» дейді. Бірақ, намаздың қалай оқылатыны нақты айтылмаған. Қанша сәжде жасалады, қанша руқуғ жасалады, намазда не оқылады, намазды не бұзады, ораны қандай нәрсе бұзады, мұның бәрі Құранда нақты айтылмаған. Зекет қандай дүние-мүліктен, қалай беріледі, мөлшері қандай, бұл айтылмаған. Тіпті, Құранда азан жоқ. Жаназа намазының нақты формасы жоқ. Сондықтан, «хадисті жоққа шығарған кезде дін жоққа шығады» деген сөз. Құрандағы «намаз» деген сөз дұға, тілек деген мағына береді. Яғни, «тілек тілесен болды» деуі мүмкін. Хадис болмаса, Құранды әртүрлі түсінуге, қалауларына қарай жорамалдауға жол ашады, – дейді Қ.Жолдыбайұлы [3].

Құраниттердің түсінігіндегі тағы бір таңғаларлық жәйт, олар Құран аяттарының астарлы мағынасына мән бермейді. Оның аяттарын сөзбе-сөз түсінеді және солай түсіндіреді. Соның негізінде, қасиетті кітаптың мағынасын нақты түсіне алмай, тәпсірлеу, мағынасын ашу мен ғылыми негіздемені жоққа шығарады. Олардың ұғымынша Құранды тәпсірлеу, яғни мағынасын ашу, оның құндылықтарын зерттеу, аяттардың үкімін хадиспен байланыстыру – Аллаһ тағаланың үкімдеріне бейімделу, қиялға бой алдыру не болмаса жеңілдікке салыну деген пікірді алға тартады.

Келесі бір үлкен мәселе, хадисті жоққа шығару – дінді жоққа шығарумен тең. Егер Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадистерін мақұлдамау, оның елшілігіне күмән келтіру болса, ол түбінде елшілігіне сенбеу, кітабына сенбеу болып табылады. Құрандағы «намаз» деген сөз дұға, тілек деген мағына береді. Яғни, «тілек тілесен болды» деуі мүмкін. Яғни, хадис болмаса, Құранды әртүрлі түсінуге, әркімнің қалауына қарай ыңғайлауға жол береді деген сөз. Бұл түбінде адасушылықтың есігін ашады. Бір сөзбен айтқанда, бей-берекетсіздікке жол ашады. Міне, осылайша өзге пиғылдағы ағымдағыларға исламның ұстындарын шайқап, құлатқысы келушілерге мүмкіндік береді.

Қалай десек те, бүгінде қазақ жерінен осы топтың бой көрсетіп жүргені жасырын емес. Олар өздерін түрлі негізде қалыптасқанын

келтіреді. «Кезінде Мысыр ғалымы Ахмед Мансұр 1985 жылы Каирдағы әл-Азһар университетінен өзінің теріс ойы үшін қуғындалып, АҚШ-тан саяси пана тауып, бір топ ізбасарларымен халықаралық құраншылар орталығын құрған болатын. Ал қазақстандық құраншылар Мансұрдың аталған ұйымына қатысты емес екендігін айта келе, құраншыларды өздері құратынын алға тартады», – деп келтіреді Р.Әкімбеков [23].

Әрине, кез келген бастаманың жақтаушысы табылары заңдылық. Осы ретте қоғамымызда қалыптасқан құраншылар тобын жақтаушылар, өкінішке орай, Қазақстанда да табылып отыр. Олардың көп тараған, кеңірек қанат жайған мекені ретінде еліміздің батысында, яғни Батыс Қазақстан өңірінде байқалғанын БАҚ өкілдері жиі айтуда. Алайда, олардың мүшелері еліміздің басқа өңірлерінде жоқ деуге келмес. Бірлі-жарым осы топты жақтап, сөзін сөйлейтіндер табылады.

Жалпы алғанда, құраншылардың таралуы Қазақстанда қарқынды деуге келмейді. Дегенмен, бар. Оны жақтаушылар қарапайым халық өкілдері мен билік басындағылардың арасынан да табылады. Топтың басшылары жайлы нақты мәліметтер анықталмаған.

Бізде де кейбір адамдар осы мәселені көтеріп жүр. Оның нақты қайдан бастау алғанын айту қиын. Бірақ өзгелердің ықпалының барлығы анық. Айталық, Батыстың ықпалы бар екені байқалады. Бұл бір жағы болса, екінші мәселе, бүгінде кейбір адамдар қоғамда өзін көрсетуге, яғни бір жаңа елең еткізер дүние тапса, соны көтеріп, өздерін өзгелерден ақылды санап, жарнама жасап, көпшілікке танымал болуды қалайды. Бұл, тіпті, үйреншікті әдетке ұқсап бара жатқан сынайлы. Ал, мұндай жарнамаға бүгінде дін қолайлы деп санайды. Өйткені, қазіргі жасымыз бар, қартымыз бар барлығымыз дінде бір жаңалық естісе, соны жүрген жерінде жарнама жасайтыны, оның жарнамасын жандандыру деп біледі. Сондықтан, осы сәтті пайдаланатындар қалт жібермейді. Оған қоса, құраншылардың ұстанымындағы Құран аяттары негізінде көптеген жеңілдіктерді қосыңыз. Тіпті, біздің бабаларымыз да дінге осылай қарап, осындай қатынаста болған дегенді де алға тартса жетіп жатыр. Расында, солайы-солай деп жақтайтындар табыла қалады. Мұны тарих беттеріндегі қазақ жеріндегі діннің ахуалын айтып келтірсе де жеткілікті болып шығады. Өйткені, біздің арамызда дінді Өзбекстан, Тәжікстан т.б. елдер сияқты толық қабылдамаған деген пікірлер әлі күнге дейін жалғасып

келеді. Оған қоса, Ислам дінін жақсы көреміз, оны қадірлеп, қастерлейміз, жүрегіміз таза деп көкірек қағатынымыз да бар. Бірақ, амал етпейміз. Міне, осының барлығы соның бір айғағы.

Құраншылардың атқаратын іс-шаралары мен үгіт-насихаттары жайлы да мәліметтер нақтыланбаған. Кейде, бұл топты «Ізгі амал» діни-мәдени ұйымның негізінде көрсетеді. «Ізгі амал» діни-мәдени ұйымының басылымы «Наш мир» газеті арқылы атқарып жатқандығын жария етеді. Шындығында, «Наш мир» газеті «Ізгі амал» қозғалысының басылымы. Бұл басылым 2000 жылдан бастап 2010 жылға дейін шығып келген. Бүгінгі таңда дүңгіршектерде кездеспейді.

Тіпті, Қазақстанда «Құраншылар» деп журналистер «Ізгі амал» ресми ұйымын жаңсақ атап жүр деп келтіретін пікірлер де жоқ емес. Сондай-ақ, олардың іс-әрекетінен ешқандайда ел бірлігіне қатер тудыру, теріс үгіт-насихат жүргізгендігі анықталмағандығын келтіреді. Осы ойды жалғастыра келе олар: «Құранды терең зерделеп, қоғамның имандылыққа бет бұруын мақсат етеді», – дегенді ұсынады. «Осы жолда біршама істер атқарып, қарапайым халықтың имандылыққа келуіне өз септігін тигізіп келеді», – дейді. Алайда, «мұндай іс-шаралар бүгінгі жастар арасында, яғни көпшілік қауымға теріс жағынан таныстырылып келеді», – деп қауіптенеді. Осындай ойлар мен пікірлер құраншылар жайлы алып-қашпа сөздердің таралуы – кейбір діни сауаты аз, діннен толық сусындамаған жандарға кері әсерін тигізеді деп біледі. Бұл діни сауаты таяз, иманы әлсіз журналистер мен материалист ғалымдардың әрекеті дегенді алға тартады.

Байыбына барлап қараса, олардың осындай ұстанымдары үшін қолдау керек дейтіндер табылады. Өзі амал етуге біршама жүйкесі жұқа азаматтарға бұл таптырмас мысал. Ал, біздіңше де бүгінгі өмірде ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүретіндер үшін құба-құп.

Құраншылар дұрыс хадисті өздерінің мүдделеріне, өздерінің тар ақылдарына сыйдыра алмай, қайшы келгендіктен, терістеп отырады. Олардың түсінігінде кешегі кеңес заманындағы «қатып қалған догма» деп танып, батыс елдерінен шығыс мұсылман әлемінің кенже қалғанын алға тартады. Әрине, дінді нақ осылай түсініп, сол айтылған қалпында қабылдасақ, онда оның солай болғанын растайтындай болып көрінеді. Тіпті, кейбіреулеріміз бүгінгі дамуды қабылдамай, сол құраншылардың келтірген мысалдарына дәлел ретінде ыңғай танытатынымыз да олардың айтқандарын растап, жол бергендей көрінеді.

Шындығында, Ислам – прогрессивті дін. Егер оның ғылымилығын тани алсақ, онда оның жоғарыда айтылғандарға жауап ретінде әрқашан даму үстінде болатынын ұсынады. Ол солай да болып келді. Сонау орта ғасырдағы ғұламалардың құрған мектебі – шығыс мәдениетінің гүлденген, өркендеген кезеңінің бір көрінісі осы айтылғандарға дәлел емес пе?!

Құраниттердің ұстанымы – Батыс ориенталистерінің мақсатын көздейтін бағыт. Ол Ислам дінін әлсірету мақсатында қалыптасқан. Олардың ниеті ұжымдасқан мұсылман қауымына жік салу. Сол арқылы мұсылмандардың қасиетті кітабы Құранға күдік тудыру. Бұл істері нәтижелі болмағандықтан Құранның ажырамас бөлігі хадистерді жоққа шығаруға тырысуда. Мұның өзекті тұсы – айрандай ұйып отырған мұсылмандар арасына сызат түсіру, елдің бірлігін, өзіміздің дәстүрлі дінімізді жоққа шығару. Тарих сахнасында ғасырлар бойы өмір сүріп келетін мұсылмандардың наным-сеніміне адасушылық пікірді қалыптастырып, іріткі салу.

Жалпы, мұндай саясат әр ғасырда көрініс тапқан. Қазақ тарихындағы мұндай кезенді ХІХ ғасырдан көруге болады. Сол ХІХ ғасырда келімсектердің қазақ қоғамына да осындай қауесетті алып келуі дүйім жұртты дүр сілкіндірген-ді. Ұлттың бірлігін, тілін, дінін сақтау жолында қазақ қоғамы да біршама күрес жүргізді. Шындығында, бұл ғасырда қазақ қауымы өзінің дамуында жаңа дәуірді басынан өткерді, ұлттық сипат алу кезеңі деп білді. Ол бір жағынан алдыңғы дамып келе жатқан ұлттық дәстүр жалғастығы болса, екінші, оның дамуындағы үлкен өзгерістер, бетбұрыстар, жаңа құбылыстар болғандығын көруге болады. Оның өзіндік ерекшеліктері де бар. Қазақ жұртының қоғамдық-саяси құрылысы, ел басқару жүйесі, әлеуметтік жіктелуі, олардың қатынасы, экономикалық-шаруашылық жағдайы жаңа мәнге ие болып, ел өміріне үлкен өзгерістер әкелді.

Мұндай өзгерістер өз кезегінде халықтың мәдени, рухани өміріне, салт-санасына, психологиясына әсерін тигізді. Халықтың кейбір өкілдері мұндай жаңа қоғамдық-саяси өзгерістер мен әлеуметтік-экономикалық қатынастардан шошып, заманның бұзылғаны деп, заман өзгерді деп, тілінен, дінінен аластаудың басы деп ұғынып, зар заман деп қабылдады. Атап айтқанда, ХІХ ғасырдың белді ақындары Шортанбай, Әубәкір Кердері, Нұржан Наушабаев, Мұрат Мөңкеұлы т.б. шығармаларынан көрініс тапты.

Реті келгенде айту керек, қазақ елінің әдет-ғұрпы мен болмысы тарихтың тереңінде-ақ хадистермен біте қайнасып, санасына сіңіп, тамырына тарап кеткен. Қазақтың көптеген мақал-мәтелдерінің мазмұнына көз жүгіртсек, қайнарының пайғамбарымыздың хадистеріне барып тірелетініне куә боламыз. Қазақ даласында да пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сөздері мен сүннетіне деген құрмет пен қастерлеу ерекше сипатқа ие.

Жалпы, құраншылардың адасқан, қате топ екендігі көрініп-ақ тұр. Қазақ жерінде бұл ағымның анау айтқандай ықпалы жоқ. Бұл жайлы Қазақстан мұсылмандар діни басқармасы арнайы пәтуасын да жария етті. Себебі, бұл адасқан ағым тарихта ешбір ислам әлемінде кең ауқымды қолдау таппаған. Құраншылардың іс-әрекетіне байланысты Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы ғана емес, сонау көнеден желі тартып келетін шарифат ілімдерінің қайнар бұлағы әл-Азһар университетінде талқыланып, сараланып, оған арнайы пәтуә шығарылған. Оның мағынасы былай болып келеді: «Егер олар сүннетке амал етуді жоққа шығаруларын тоқтатпаса, Ислам жамағатынан шыққан болады. Исламда белгіленген нәрсені жоққа шығарғаны үшін діннен шыққан болып есептеледі» [23].

Елімізде жарық көретін «Иман» журналы 2009 жылғы №7 санында әл-Азһар университетінің шейхы Мұхаммед Саид Тантауидің: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сүннетін тастап, тек қана Құранға жүгінуге шақырушылар – әлбетте, діннен хабарсыз, өтірікші, надан, шарифаттың негізін білмейтіндер», – деген пікірін жариялаған [24].

Құраншылардың үгіт жасау түрлері жайлы нақты мәліметтер жоқтың қасы. Олай дейтініміз, бұл топ өкілдері өздерінің ұстанымдарын ашық түрде жарияламайды. Көп ретте пікірлер ретінде ұсынады. Ол бір жағынан өздеріне де тиімді болса керекті. Өйткені, тек қана аятқа негізделген пікірлерді шындап келгенде, өздерінің де толық түсінуі күмәнді. Мүмкін сол себепті болса керек.

Десе де, қоғамда оны жақтаушылар табылуда. Кейбір дінді толық түсіне алмаған жандар осы мәселені өздерінің ұстанымдарына айналдырып жүргендері айдан анық. Оның ішінде жай қарапайым адамдармен бірге билік басындағылар да жоқ емес. Бұл аз да болса жақтаушысы бар деген сөз. Ал, нақты бәлен санға жетті деген пікір жоқ. БАҚ-тың кейде 70-80 мыңға жетті деген пікірлері шындыққа жанаспайды. Бастауы бар топтың жақтаушысы да табылуда. Десе

де, «олардың саны – 70-80 мың» деген асыра сілтеушілік. Бұл, бәлкім, біреулерге керек шығар. Сол себепті, БАҚ саны осыншаға жетті деп жетістік санауы мүмкін. Ал, шындығында, олар мұнша санға жететіндей уақыт та бола қоймаған сынайлы әрі мұншалықты кең етек жая қоятындай амал-әрекет те жасай қойған жоқ. Өйткені, қашан да арпалысып, тосқауылдармен алысып келетін топтың мұншалықты жайыла қоятындай негізі жоқ.

Бірнеше ғасыр бойында миллиардтаған жақтаушысы бар мұсылман қауымының аздаған жыл бойында адасуы мүмкін емес. Ол Аллаһ тағаланың рахымдылығына да қайшы. Әрине, бірлі-жарым адам бар шығар. Сондықтан, олар өздерін көп етіп көрсеткісі келеді. Бұл бүгінде түрлі ағымдарға тән қасиет. Олар өздерінің қатарын көп етіп көрсетіп, қоғамда өзіндік орны бар топтың қандай беделге ие екендігін паш етеді. Сонымен бірге жастарға да психологиялық әсерін тигізеді. Шындығында, қолдаушысы мол болып жатқан топты кім-кімде дұрыс екен деген ойда қалады. Солай өздерінің ұстанымдарына сендіріп, қарапайым халықты өзіне тартып, одан әрі толықтырғысы келеді. Ал, егер оның құрамында елге, жұртқа танымал тұлғаның болуы оны одан әрі қуаттандырады. Ол солай болып та жүр.

Қазақстан жерінде бой көрсеткен құраншылар жайлы өзге де пікірлер жазып жүргендер де жетерлік. Олар оны жазушы-журналистер қауымына артып, «құраншылар» деп журналистер жаңсақ атап жүргендер – негізінде «Ізгі амал» атты ресми ұйым. Олардың іс-әрекетінен ешқандай да ел бірлігіне қатер тудыру, теріс үгіт анықталмаған. Олардың мақсаты – Құранды терең зерделеп, қоғамның имандылыққа бет бұруына септігін тигізу. Осы бағытты ұстанған жастар қауымы көпшілікке теріс жағынан таныстырылды. Олар туралы алып-қашпа сөздердің таралуы – кейбір діни сауаты таяз журналистер мен материалист ғалымдардың әрекеті деп келтіреді.

Сөзімізді түйіндей келгенде, бүгінде бой көрсетіп жүрген құраншылар тобы елімізге әкелер пайдасынан зияны көп ағым ретінде танылған. Олардың «жастарды имандылыққа тартамыз, сол жолда өзіміздің үлесімізді қосамыз» деп жүргені қазақтың «мүйіз сұраймыз деп жүріп, құлағымыздан айырылыппыздың» кейпін келтіреді. Сондықтан, адасушылықтың арты соқпақ екені анық. Ал, бүгінде қарқынды дамып, әлем жұртшылығына өзінің жетістіктерімен танылған тәуелсіз еліміздің ішіне іріткі салатын мұндай топтарға мүлде орын жоқ.

## Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абу Дауд Аль-Сажстани. Сунан Абу Дауд – Бейрут: Дар аль-киتاب аль-араби, 4 томдық, 1997ж.
2. Аль-Бухари М.И. Жамиғ ас-Сахих аль-Мұхтасар – Бейрут: Ибн Касир, 6 томдық, 1987 ж. 3-баспа, өңдеген Мұстафа Диб аль-Буға.
3. Жолдыбайұлы Қ. Сүннетті мойындамау – дін бұзудың амалы // «Ислам және өркениет», №31(175), 1-10 қараша, 2009 ж.
4. Ас-Суюти А.К. Сүннеттің дәлелдігі бақшасының кілті – Мадина: Ислам университеті, 1979 ж.
5. Ибн Халликан А.М. Уафаятул Ағһан уа Анбауз-заман – Дар Ассақафа, 1968 ж.
6. Әбу Заһра М. Ислам мәзһабтарының тарихы – Каир: Дар әл-фикр әл-араби, 1996 – 711 б.
7. Д.Махмуд Мазруға. Құраншылардың күдіктері // <http://www.saaaid.net/book/open.php?cat=88&book=1179>
8. Махмуд Шакир. Ислам тарихы – Бейрут: әл-Мактаб әл-ислами, 22 томдық, 2000 – 6408 б.
9. <http://www.aboutquran.com/ba/ba.htm>
10. <http://ar.wikipedia.org/wiki/%D8%BA> - <http://ar.wikipedia.org/wiki>
11. Алтай Х. Құран Кәрім қазақша мағынасы және түсінігі – Мадина: Екі Харамның қызметкері Фаһд патшаның Құран Шариф басым комбинаты 1990 – 604 б.
12. <http://alharah.net/alharah/t21633.html>
13. Алланияз Ж.А. Ислам дініндегі құраниттер ағымы – Астана, 2010 – 59.
14. <http://ar.wikipedia.org/wiki/%D8%B1> - <http://ar.wikipedia.org/wiki>
15. [http://www.ahl-alquran.com/arabic/userpage.php?page\\_id=2](http://www.ahl-alquran.com/arabic/userpage.php?page_id=2)
16. [http://www.ahl-alquran.com/arabic/ahmed\\_mansour.php](http://www.ahl-alquran.com/arabic/ahmed_mansour.php)
17. <http://ar.wikipedia.org/wiki/%D8%A3> - <http://ar.wikipedia.org/wiki>
18. [http://www.ahl-alquran.com/arabic/show\\_article.php?main\\_id=346](http://www.ahl-alquran.com/arabic/show_article.php?main_id=346)
19. Аль-Қушайри М.Х. Сахих Муслим – Бейрут, Дар аль-жил, 4 томдық, 1997 ж.
20. Мухаммед Али Ас-Сабуни, Сафуат тәфәсир - Саида-Бейрут: Мактаба Фасрия, 2004 – 1576 б.
21. Жакралауи А. // «Құранның тарауы» журналы, №3, 1902 ж.
22. Осман бин Муғаллим Махмуд, Құранниттердің күдіктері // <http://www.saaaid.net/book/open.php?cat=88&book=1178>
23. Әкімбеков Р. Құраниттер. <http://muftyat.kz/1089-11781201ranitter.html>
24. «Иман» журналы. № 7, 2009ж.

## Мазмұны

Алғы сөз .....	2
Құраншылардың таралуы және олардың серкелері .....	3
Құраншылар жолы Исламның дәстүрлі ұстанымына қайшы .....	17
Құраншылар қазақ жерінде .....	23
Пайдаланылған әдебиеттер .....	31

Таралымы: 2500 дана